

«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
 Се Вэйниннің «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай романында әйел теңдігі тақырыбы көрініс табуының
 көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді. 1) Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған; 2) Диссертациялық жұмыс ҚХР стипендиялық кеңесі қаржыландырған «Халықаралық өңіртану және жоғары деңгейлі шет тілі мамандарын даярлау» (ҚСК-нің Азия елдеріне арналған жоба, 2016 ж. №9088) жобасының аясында дайындалған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытының 4. Елдің зияткерлік әлеуеті 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бөліміне сай келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы айқындалған. Диссертациялық жұмыста XX ғасыр басындағы әйел теңдігі тақырыбын қозғаған қазақ және қытай романдары салыстырылып, роман

		ашылған/ашылмаған.	жанрын зерттеуге бағытталған жаңа көзқарастар мен тұжырымдар ұсынылады. Қазақ және қытай әдебиеті ұлттық сананың ояну дәуірімен, өтпелі кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайларымен байланыста қарастырылып, екі ел қаламгерлерінің әйел тақырыбын ашудағы көркемдік ізденістері, жаңашылдықтары зерделенген. Жұмыста талданған романдардың әйел бейнесін ашудағы көркемдік мақсаты мен тарих-әлеуметтік маңызы арасындағы байланыстар айқындалған, көркемдік ерекшеліктері зерттелген. Диссертант қазақ, қытай жазушыларының ХХ ғасыр басында кемел адам және жарқын қоғам туралы ой-пікірлерін әйел теңдігі мәселесімен сабақтастықта қарастырып, екі ел романдарын салыстырғанда сол халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын, құндылықтары мен саяси жүйесін де өз назарынан тыс қалдырмайды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер филология, салыстырмалы әдебиеттану, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдарының әрі қарай дамуына ғылыми-теориялық, практикалық жағынан үлес қоса алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Жұмысты ізденушінің өзі жазғандығы өзіндік баяндау стилінен анық байқалып тұр. Диссертациялық жұмыста авторлық көзқарас, зерттелген әдебиетті сыни тұрғыдан түсіну бар. Докторант жұмыста жекелеген мәселелерді зерттеуде отандық және шетелдік дереккөздерін пайдалана отырып, өзіндік тұжырымдамалар жасайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Диссертация өзектілігі жан-жақты негізделген. Зерттеуде ХХ ғасырдың басындағы қазақ, қытай романдарының ортақ және ең маңызды тақырыбы болған әйел теңдігі

		<p>2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>мәселесі қарастырылады. Қазақ және қытай әдебиеті дәстүрі мүлде бөлек, мәдениеті де, тілі де бір-біріне ұқсамайды. Диссертант XX ғасыр басындағы әйел тағдыры тақырыбындағы қазақ және қытай романдарының ортақ көркемдік сипаттарын жаһандық әдебиет дамуының жалпы заңдылықтарымен сабақтас дәлелдеп көрсетеді, роман тұжырымдамасына қатысты өз пікірлерін ұсынады. Бұдан бұрын отандық ғалымдар тарапынан әйел теңдігі тақырыбы зерттелген болса да, диссертациялық жұмыста қазақ және қытай әдеби байланыстары аясында осы тақырыптағы романдардың көркемдік ерекшеліктері салыстырмалы түрде алғаш кешенді түрде қарастырылуы, зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері жұмыстың өзектілігіне негіздеме бола алады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Се Вэйниннің «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай романында әйел теңдігі тақырыбы көрініс табуының көркемдік ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысының мазмұны, әр тарауында қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жұмыстың мазмұны «XX ғасырдың басындағы қазақ һәм қытай әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбы», «Дәстүр мен жалғастық және жаңалыққа ұмтылу», «Жаңа тақырыптық-идеялық, көркемдік ізденістер» атты үлкен үш тараудан, ішінара тараушалардан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тарауларында қарастырылатын тақырыптар біртұтастықты құрайды. Негізгі бөлімнің әр тараулары диссертация тақырыбын әр қырынан ашып, белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік береді.</p>

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері қойылған мәселеге сәйкес анықталған. Зерттеудің негізгі мақсаты ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан және Қытай әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбында жазылған романдарды салыстыру арқылы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, екі елдегі қазіргі романдар дамуының эволюциясын айқындау көзделген. Диссертант алға қойған мақсатына жету үшін әйел теңдігі тақырыбы көтерілген қазақ әдебиетінен «Бақытсыз Жамал», «Қыз көрелік», «Қалың мал», «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», «Мұңлы Мариям» романдары, ал қытай әдебиетінен «Шығыс Еуропа қаһарман қызы», «Нұйва тасы», «Цзинвэй тасы», «Хуаң Сюцю», «Қайғы теңізі», «Махаббат теңізінің тасы», «Аппақ алмұрт гүлінің рухы» шығармаларына салыстырмалы талдау жүргізді. Қытайдағы ежелгі Таң, Сун әулеті мен Юань, Мин, Цин династиялары кезіндегі дәстүрлі романдары мен жаңа сипатты романдарының дамуы мен эволюциясы, баяндау әдісі қарастырылады. Зерттеуде қойылған міндеттерге сәйкес ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы жазушылардың көркемдік ізденістері мен жаңашылдығы сипатталады; екі елде әйел теңдігі мәселесі көтерілген романдардың құндылығы бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша бағамдалады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын. Зерттеу жұмысының «ХХ ғасырдың басындағы қазақ һәм қытай әдебиетіндегі әйел теңдігі тақырыбы»,</p>

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>«Дәстүр мен жалғастық және жаңалыққа ұмтылу» және «Жаңа тақырыптық-идеялық, көркемдік ізденістер» деп аталатын үш тарауы мен тараушылары да өзара тығыз байланысып, тақырыпты жан-жақты аша түсуге бағытталған. Соған сәйкес алынған нәтижелердің ішкі бірлігі айқын. Диссертацияның құрылымы негізгі тақырыпты ашуға жан-жақты бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан, ғылыми тұжырымдар мен талдаулар өзара сабақтаса берілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ғылыми жұмыстың әдіснамалық негізіне алынған ғалымдардың еңбектерінен көптеген дәйексөздер келтірілген. Зерттеу жұмысының үлкен артықшылығы, бұл диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сынынан өтіп отырады. Өзіндік тұжырымдар, тың пайымдар, сыни талдау бар. Сонымен қатар, автор өзінің көзқарасын жеткілікті түрде дәлелдейді. Диссертанттың материалды жалпылау мен талдау сынды сыни талдау дағдыларын жақсы игергені байқалады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері толықтай жаңа: 1. XX ғасырдың бірінші жартысында әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ және қытай романдарын көркемдік идея мен көркемдік әдіс-тәсілдер тұрғысынан салыстырып, талдайтын алғашқы зерттеу жұмысы болғаны - жаңа. 2. Қазақ және қытай әйел теңдігі тақырыбындағы</p>

		<p>романдарының екі ел әдебиетінің даму процесіндегі рөлін тұңғыш рет салыстырып қарастырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтары айқындалып көрсетуі де жаңа.</p> <p>3. Тұңғыш рет әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ романдарындағы өлеңдер прозиметр деген әдеби форма тұрғысынан талданып, халық арасында оқыту-ағарту қызметін атқарғандығы дәлелденеді. Қазақ романдарындағы өлеңдердің көріну жиілігі бойынша кесте жасалған.</p> <p>4. XX ғасырдың бірінші жартысындағы әйел теңдігі тақырыбындағы романдардың мақсаты мен шығармалардың таралу жағдайы арасындағы байланыстарды айқындап, тыңдарманға арналған роман деген жаңа ұғым ұсынылады.</p>	<p>романдарының екі ел әдебиетінің даму процесіндегі рөлін тұңғыш рет салыстырып қарастырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтары айқындалып көрсетуі де жаңа.</p> <p>3. Тұңғыш рет әйел теңдігі тақырыбындағы қазақ романдарындағы өлеңдер прозиметр деген әдеби форма тұрғысынан талданып, халық арасында оқыту-ағарту қызметін атқарғандығы дәлелденеді. Қазақ романдарындағы өлеңдердің көріну жиілігі бойынша кесте жасалған.</p> <p>4. XX ғасырдың бірінші жартысындағы әйел теңдігі тақырыбындағы романдардың мақсаты мен шығармалардың таралу жағдайы арасындағы байланыстарды айқындап, тыңдарманға арналған роман деген жаңа ұғым ұсынылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әрбір тарау бойынша жасалған қорытындылар тұжырымдалған. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында келтірілген қазақ және қытай қыздары мен әйелдерінің шынайы өмірінің бейнеленуі, жазушылардың әйел теңдігі туралы білдірген ой-пікірлерін талдап, диссертант келтірген қорытынды жаңа болып табылады. Екінші тарауда қазақ, қытай романдарындағы реализмнің уақыт пен кеңістік категорияларымен байланыста қарастырылуы, қазақ, қытай романдарының даму эволюциясы туралы жасаған қорытынды тұжырымдарын жаңа деп айта аламыз. Үшінші тарау бойынша диссертант XX ғасыр басындағы қазақ, қытай әйел теңдігі тақырыбындағы романдардың жаңашыл сипатын, жаңа моральдық концепциялар бейнесі мен соны құндылықтарды талдау арқылы жаңа</p>

			түйіндер жасаған, оларды сенімді түрде толық негіздей алған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмысының тақырыбы, зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда дәлелдемелермен негізделген. Әр тарау соңында жасалған талдаулар негізінде нақты қорытындылар жасалып отырады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?	7.1. Жұмыста ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген. Диссертация көлемінде диссертант 9 қағидатты айқындаған және олар зерттеудің ғылыми нәтижелеріне толық сәйкес келеді. 7.2. Қағидаттар тривиалды емес. 7.3. Мейлінше жаңа. 7.4. Қолдану деңгейі кең. Әдебиеттану, фольклор, тарих, мәдениеттану салаларында кеңінен пайдалануға болады.

		<p>1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>7.5. Зерттеу тақырыбы бойынша 7 ғылыми мақала жарық көрген. Негізгі қағидаттар жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде қазақ және қытай ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша</p>	<p>Диссертацияның теориялық қорытындылары, ғылыми тұжырымдары анықталған өзара байланысты және теориялық тұрғыда дәлелденген. Жұмыстың зерттеу нысаны болған әйел теңдігі мәселесіне арналған қазақ романдарындағы өлеңдердің формасы дәстүрлі болғанымен, мазмұны, идеясы жаңа екендігі дәлелденді.</p>

		<p>даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Бұл тұрғыдан алғанда, романдардағы ағартушылық идеяларды насихаттайтын өлеңдер авторлардың көркемдік ізденістері деп айтуға болады. Әйел теңдігі мәселесіне арналған қазақ және қытай романдарындағы өлеңдер екі ел халқына, әсіресе сауатсыз бұқараға ағартушылық идеяларды насихаттаудағы маңызы анықталған. Олар романның кемшілігінен гөрі, шығарма жақсырақ таралуы үшін қолданылатын көркемдік тәсіл деп айтуға болады.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін және эмпирикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден анық көрінеді. Жалпы айтқанда, жұмыста сілтемелер дұрыс және дәйексөздер орынды келтірілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Диссертант диссертациялық жұмысында 144 дереккөз, сонымен қатар ресми сайттар дереккөздеріне сілтеме жасаған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелерін қазақ және қытай халқының роман жанрын салыстырыла зерттеп, тақырыптық, идеялық, мазмұндық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан тұжырымдап дәйектеуде қолдануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану</p>	<p>Ғылыми жұмыс нәтижелерін жоғары, орта оқу орындарындағы «Салыстырмалы әдебиеттану», «Әлем әдебиетінің тарихы», «Әдебиеттің даму заңдылықтары»</p>

		<p>мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>пәндерін оқытуда пайдалануға болады. Сонымен қатар, қазақ филологиясы, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасында білім алып жүрген магистранттар мен докторанттардың зерттеулеріне көмекші құрал ретінде қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері филология, қазақ және қытай әдебиеті мамандықтары бойынша оқылатын пәндердің теориялық және практикалық негізін нығайтады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай және объективті түрде жазылған, академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>

Докторант Се Вэйнинге «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ, қытай романында әйел теңдігі тақырыбы көрініс табуының көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беру лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы


